

УДК: 37.013.77

Әлқожаева Н. С., nalgozhaeva@mail.ru
Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық университеті
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3029-6696>

ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕСІНІҢ СИПАТЫ

Ел ертеңінің тізгінін ұстар, өзіне сенімді, елдің әлеуметтік - экономикалық дамуына өз үлесін қоса алатын, жан-жақты дамыған мәдениетті, имандылық қасиеттерді бойына сіңірген білімді тұлғаны дайындап, тәрбиелеу – аса жауапты қоғамдық міндет. Тәрбиенің барлық салалары бір арнаға толысуы керек, ол арна – имандылық тәрбиесі. Имандылық әр халықтың салт-дәстүріне сай қалыптасатын ізгі қасиеттердің жиынтығы. Қазіргі мектеп жасындағы балалардың өзі шылым шегуі, ішімдік ішуі, тіпті есірткі қолдану – жасырып жабатын жағдай емес. Қылмыстың ең ауыр түріне баратын жастар да көбейіп отыр. Бұл қиындықтан шығудың жолын табу да педагогтардың алдында тұрған шешімі қиын міндеттердің бірі және де ол тікелей тәрбиеге байланысты. Елімізде ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпы адамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беруді неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Қоғамның даму барысында, адамзат өмірінде әр халықтың тілі мен қатар салт-дәстүрі де қажетті себептермен дүниеге келді. Ал, адамдардың сол қоғам дамуына, сұранысына байланысты тәртібі, заңы, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенімдері, жол-жоралғылары қалыптасады. Имандылық мәселесін зерттеу еліміздің жаңа арнаға бет бұруымен, әсіресе, саяси-идеологиялық өзгерістерге байланысты туындап отыр. «Имандылық» ұғымының ортағасырдағы ғұламалардың еңбектерінен бастау алып, кейінгі ойшылдар, ағартушылар, ғалымдардың еңбектерінен көрініс тапқаны, зерттеулер негізінде айқындалған. Айталық, Қорқыт, әл-Фараби, М.Баласағұн, Қ.А.Яссауи, Қ. Жалайри, А.Иүнеки. Ө.Тілеуқабылұлы т.б. мұраларымен қатар Ыбырай, Абай, Шәкәрім сынды ағартушылардың еңбектерінде мазмұндалады. Сонымен қатар, бұл ғұламалар өздерінің имандылық идеяларын мұсылман халқының заң, ереже, кітабы - Құран және Мұхаммед пайғамбардың Хадистері арқылы қалыптастырған, деуге негіз бар. Имандылық идеяларды меңгеру арқылы қоғамда иманжүзді, инабатты, имандылық қасиеттерін бойына сіңірген жеке тұлға қалыптастыра аламыз. Имандылық тәрбиесін қарастыру барысында, өзіндік тұрғыдан «Имандылық – әр халықтың салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, күнделікті өмір сүру тәсілдерінде кездесетін жөн-жоралғыларына байланысты және ұрпақ бойында ұлттық, ерекшелікке байланысты туындайтын ізгі қасиеттер жиынтығы», деген анықтама беруге болады.

Негізгі сөздер: имандылық, тәрбие, салт-дәстүр, ғұлама, мәдениет.

Алқожаева Н. С., nalgozhaeva@mail.ru
Аль-Фараби ат. Казак ұлтутук университети
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3029-6696>
Казакстан Республикасы

БҰЙМАН ТАРБИЯСЫНЫҢ МҮНӨЗҮ

Мамлекетти башкара турган, өзүнө ишенген, өлкөнүн социалдык-экономикалык өнүгүүсүнө салым кошууга жөндөмдүү, маданияты өнүккөн, адеп-ахлактык сапаттарга ээ болгон билимдүү инсанды даярдоо жана тарбиялоо өтө маанилүү социалдык милдет болуп саналат. Билим берүүнүн бардык тармактары руханий-адептик тарбия (быймандуулук) менен айкалыштырылышы керек. Быймандуулук башка тилдерге которулбайт, бирок мазмуну боюнча аны руханий-адептик деп аныктоого болот, бул – ар бир элдин салтына ылайык калыптанган адеп-ахлактык сапаттардын жыйындысы. Мектеп жашындагы балдар үчүн тамеки тартуу, ичкилик ичүү, алтургай, баңгизатты колдонуу сейрек эмес. Бул көйгөйдөн

чыгуу – педагогдордун эң татаал милдеттеринин бири жана ал түздөн-түз билим берүү менен байланышкан. Республикада илим жана маданият тармагында көрүлүп жаткан бардык чаралар жаштардын жалпы адамзаттык жана жеке улуттук баалуулуктардын негизинде билим деңгээлин жогорулатууга көмөктөшүүдө. “Ыймандуулукту” изилдөө өлкөнүн жаңы багытка бурулушу, өзгөчө, саясий-идеологиялык өзгөрүүлөргө байланыштуу. «Ыймандуулук» түшүнүгү орто кылымдагы окумуштуулардын эмгектеринде пайда болуп, кийинки ойчулдардын, педагогдордун, окумуштуулардын эмгектеринде чагылдырылган. Мисалы, Коркут ата, Аль-Фараби, Жусуп Баласагын, К. А. Яссауи, К. Жалайры, А. Югнаки, О. Тлеукабилула, Ыбырай, Абай, Шакарим өңдүү агартуучулардын чыгармаларында да изилденген. Кошумчалай кетсек, бул илимпоздор ыймандуулук жөнүндөгү түшүнүктөрүн Куран жана хадистер аркылуу калыптандырышкан деп айтууга негиз бар.

Өзөктүү сөздөр: адеп-ахлак, билим, үрп-адат, каада-салт, маданият.

Алгожаева Н. С., nalgozhaeva@mail.ru
Казахский национальный университет им. Аль-Фараби
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3029-6696>

ОСОБЕННОСТИ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ

Очень важной общественной задачей является подготовка и воспитание образованного человека, который будет руководить страной, уверенного в себе, способного внести свой вклад в социально-экономическое развитие страны, обладающего развитой культурой и нравственными качествами. Все направления воспитания должны быть совокупны с духовно-нравственным воспитанием (имандылык). “Имандылык” не переводится на другие языки но по содержанию можно определить как духовно-нравственное – это совокупность нравственных качеств, которые формируются в соответствии с традициями каждого народа. Курение, употребление алкоголя и даже употребление наркотиков - не редкость для детей школьного возраста. Выход из этой проблемы является одной из самых сложных задач для педагогов и она напрямую связана с образованием. Все меры, принимаемые в стране в области науки и культуры, способствуют повышению уровня образованности молодежи на основе общечеловеческих и индивидуальных национальных ценностей. Изучение “имандылык” обусловлено поворотом страны на новое русло, особенно в связи с политическими и идеологическими изменениями. Понятие «имандылык» зародилось в трудах средневековых ученых и нашло отражение в трудах более поздних мыслителей, просветителей и ученых. Например, Коркыт, аль-Фараби, М. Баласагун, К.А. Яссауи, К. Жалайри, А. Югнеки, О. Тлеукабилулы. Также изучены в трудах таких просветителей, как Ибрай, Абай, Шакарим. Кроме того, есть основания полагать, что эти ученые формировали свои представления об имандылык через Коран и Хадисы.

Ключевые слова: нравственность, воспитание, обычаи, традиции, культура.

Algozhaeva N. S., nalgozhaeva@mail.ru
Kazakh National University named after Al-Farabi
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3029-6696>

FEATURES OF SPIRITUAL AND MORAL EDUCATION

A very important social task is the training and education of an educated person who will lead the country, self-confident, able to contribute to the socio-economic development of the country, possessing a developed culture and moral qualities. All areas of education should be combined with spiritual and moral education (imandylyk). Imandylyk is not translated into other languages, but by its content it can be defined as spiritual and moral - it is a set of moral qualities that are formed in

accordance with the traditions of each people. Smoking, drinking, and even drug use are not uncommon for school-age children. Getting out of this problem is one of the most difficult tasks for educators, and it is directly related to education. All measures taken in the country in the field of science and culture contribute to raising the level of education of young people on the basis of universal and individual national values. The study of "imandylyk" is due to the turn of the country to a new direction, especially in connection with political and ideological changes. The concept of "imandylyk" originated in the works of medieval scientists and was reflected in the works of later thinkers, educators and scientists. For example, Korkyt, al-Farabi, M. Balasagun, K.A. Yassauy, K. Zhalaury, A. Yugneki. O. Tleukabilula. Also studied in the works of such enlighteners as Ibraiy, Abay, Shakarim. In addition, there is reason to believe that these scientists formed their ideas about imandilyk through the Koran and Hadith.

Key words: *morality, education, customs, traditions, culture.*

Қоғамның дамуы кез-келген нәрсеге ықпал етеді, соның ішінде тәрбиеге де жаңа талаптар қойылады. Күнделікті өмірде үлкендердің жастарға байланысты сын пікірлерін естіп жүрміз. Жастар тәрбиесінде олқылықтардың бар екенін көріп отырмыз, сондықтан да неге деген сұрақ туындайды. Әркім әртүрлі жауап береді, бірі заманды, бірі адамды, бірі ақпаратты т.б. тоқталады. Алайда, сол жастардың тәрбиесімен кімдер айналысады, алдымен ата-ана, тәрбиешілер, мұғалімдер, оқытушылар олай болса сұрақ сол үлкендерге, яғни біздерге қойылуы тиіс. Біз тәрбиеде нені жіберіп алдық, қандай қателік жасадық, менің ойымша ұлттық тәрбиені ұмыта бастадық, еуропаландыруға ауыстық, жан-жақтан келетін ақпарат (телеарна, кинотеатр, театр, ғаламтор, әлеуметтік желі т.с.с.) сарапталмайды. Ешбір ата-ана баласын жаман бол деп тәрбиелемейді, алайда тәрбиесінде кемшіліктер кездесетін жастардың саны артуда қиын, девиантты, инклюзивті т.б. Демек, тәрбиенің құралдары, әдіс-тәсілдеріне де жаңашылдықпен қарау керек. Тәрбие барысында өткенімізді тәжірибе ретінде, бүгінгімізде әркекет ету арқылы болашағымызды жасайтынымызды ұмытпау керекпіз. Егер, дүниеге жаңа нәрсе келсе, онда оған сұраныстың болғандығы деп түсінеміз.

Кешегі Кеңестер Одағы тараған соң әр мемлекет өзіндік тұрғыдан жаңаша өмір сүруге талпынды, оның ұтымды тұстары мен кемшіліктері де жоқ емес. Еліміздегі өзгерістердің ұтымды тұстарының бірі рухани жаңғыру, яғни ұлттық құндылықтарға бет бұруды айта кеткім келеді.

Еліміздің алғашқы «Білім туралы» заңының 8-бабында: «Жеке адамның шығармашылық, рухани дене мүмкіндіктерін дамыту адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасауы арқылы интеллектілігін байыту- қазіргі білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі», делінген [1]. Міне, алғашқы кезден бастап, руханилыққа басымдық берілді. Сол бастамалар негізінде, тәрбие бағыттары да кеңейді, айталық имандылық тәрбиесі туындады. Бұл мәселені профессор Ж.Р. Бәшірова екеуіміз бастап, тұжырымдамасын жасап, алғаш рет ғылыми тұрғыдан анықтама бердік (Баширова Ж.Р., Әлқожаева Н.С.).

Соңғы жылдары білім берудегі жаңашылдық оқыту үдерісінің гуманизация, гуманитаризация, демократизация, децентрализация, дифференциация, индивидуализациясымен байланысты. Білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуы мен бекітілу үдерісі белсенді жүзеге асырылуда, оның негізгі идеясы – ұлттық-мәдени негізде тұлға мен қоғам талабына сай өзін-өзі дамытуға қабілетті білім беру мен тәрбие жүйесін құру. Әрине екеуін бір-бірінен жекелеп бөліп алмағанымызбен тәрбие процесі жекелеген іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады (Әлқожаева Н.С.).

Ешбір ұлт өзіндік тұрғыдан ғылым үдерісін меншіктеп «біз бастатқанбыз, біз жалғастырудамыз» дей алмайды. Ғылым-білімнің дамуы тарихи арнада Месопотамия,

Мысыр, Қытай, Үндістан және көне Греция мәдениеттері арасында алма кезек жалғасын тауып, ешбір ұлт пен ұлысқа бөлінбейтіндей түп тамыры өте тереңге дендеген жалпы адамзатқа ортақ құндылыққа айналған. Алайда соңғы кезге дейін батыстың ғылым мен технология саласындағы үстемдігі бүкіл ғылым мен мәдениеттің бастауы батыс халықтарына тән деген түсінікті қалыптастырып, басқа ықтималдарға ешқандай мән берілмеді. Философия мен тарих көбіне еуроцентристік көзқараста жазылып, XX ғасырдың басында еуропалықтар бүкіл мәдениет пен философияның «атасы» ретінде көрсетіліп, сол көзқарас адамдар санасына орнығып, әлі күнге дейін бұл біржақты пікір жалғасуда. Дүниежүзілік мәдениет пен білім тарихында мұсылман ғалымдарының аттары ұмыт қалып, нағыз ислам мәдениетінің гүлденіп, шарықтауға жеткен алтын шақтары бүркемеленіп, еуропалықтар орта ғасырларды «қараңғылық кезеңі» деп атаған (Әлқожаева Н.С.).

Қазіргі таңдағы ғылымның дамуына батыстың қосқан үлесі қаншалықты бұлтартпас шындық болса, батыстың осындай деңгейге көтеріліп, ғылым мен технология саласындағы көптеген жаңалықтарға қол жеткізуінде мұсылман ғалымдарының үлесі өте зор. К.В. Бодлейдің айтқанындай қазіргі батыс мәдениеті ренессансқа, ренессанс өз кезегінде исламға қарыздар [Уотт М.; Иылмаз И.].

Батыстағы ғылымның дамуына ықпал еткен Ибн Сина, Әл-Фараби, әл-Хорезми, Ұлық-Бек, Ибн Рушд, Газали, Ибн Халдун, әл-Бируни сынды мұсылман ғылымдарының ғылымға қосқан үлестері зиялы қауымға белгілі. Алайда біздің қоғамға аса мәлім болмаған, ғылым тарихында өзіндік орны бар басқа да мұсылман ғалымдары көптеп саналады.

Өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау – жалпыұлттық бірлігіміздің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік болмысын қалыптастырудың, оның егемендігін нығайтудың, азаматтық пен отаншылдықты, ұлттық сананы тәрбиелеудің ең басты факторларының бірі. Тарих – халықтың зердесі, ол содан сусындап, әлеуметтік шығармашылыққа, жарқын болашаққа бастайтын күш-қуат алады. Халқымыздың ұлттық, мәдени мұраларын ескермеу, оның мән-маңызына көз жібермеу болашақ ұрпақтың ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына теріс ықпалын тигізері сөзсіз (Әлқожаева Н.С.).

Еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуының, сипаты халықтың рухани, адамгершілік, имандылық көзқарасы, жастар арасындағы білім мен тәрбиеге байланысты. Педагогика ғылымында қазіргі талапқа сай өз шешімін таппай отырған мәселелер жеткілікті. Соның ішінде жастардың рухани құндылық туралы білімдерінің, түсініктерінің әлі де болса, төменгі дәрежеде екені байқалады. Руханилықты көпшілік дінмен байланыстырады, байланысы болғанмен оның басқа да аспектілеріне де мән берілуі керек. Мемлекетіміздің зайырлы, унитарлы, демократиялылығы жалпы алғанда толықтай көрініс бермейді. Зайырлылық бүгінгі таңда дін мен мемлекет саясатының үйлесімділігіне, унитарлық заңдардың бұлжытпай орындалуына, демократиялық сөз, іс, әрекеттің еркіндігін сипаттауы тиіс. Мемлекет саясатынынан дін саясаты немесе керісінше бір-біріне бастамшылық жасамауы тиіс. Ал заңды белшесінен басып, басына күн туса елін сатып кетіп жатқандар туралы айтар болсақ, ұлттық патриотизмнің осалдығы деп түсінеміз. Ал, еркіндік, демократия ойымызға келгенді жасау деген түсінікте болғандар, адасқандар да арамыздан кездеседі. Демократия ол ең алдымен тәртіп, ол болмаған жағдайда анархияға ұшырайтынымыз анық. Бұл тұрғыда Философ Гессеннің, «демократия это есть – дисциплина» деген пікірі ойға келеді. Негізінен алғанда барлық нәрсенің шегі болуы тиіс, шексіздік адамдардың өздеріне кері әсер

етеді. Міне, осы шексіздіктің алдын алудың бірі де жастарды рухани құндылықтарды құрметтеуге үйрету. Қазақстан Республикасының этникалық-мәдени білім тұжырымдамасында: «Тәрбиенің түп мақсаты - қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшуі кезінде саяси экономикалық және жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеу» [6] деп, нарықтық қарым-қатынасқа байланысты жеке тұлғаны тәрбиелеуге мән берілген, жастарды қоғамдық өмірдің өзгеруіне сай тәрбие жүйесін өзгерту екендігіне аса көңіл бөлгендігі байқалып тұр. Әрбір ұлт өзінің ұрпағын мәдениетке, руханилыққа тәрбиелеуде халықтың өзіне тән әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері жазба мұралар негізге алады. Олай болса, ғасырлар сынынан еленіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан жазба мұраларды жинақтап зерделеудің, оның тәлім-тәрбиелік мол тәжірибесі негізінде ұрпағымызды рухани құндылықтар негізінде имандылыққа тәрбиелеу қажеттігі күнен-күнге арта түсуде.

Қоғамның даму барысында, адамзат өмірінде әр халықтың тілі мен қатар салт-дәстүрі де қажетті себептермен дүниеге келді. Ал, адамдардың сол қоғам дамуына, сұранысына байланысты тәртібі, заңы, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенімдері, жол-жоралғылары қалыптасады. Міне, осылардың негізінде имандылық тәрбиесі бастау алады. Қазіргі кездегі адамгершілік, эстетикалық, дене, құқықтық, экономикалық, экологиялық, т.б. тәрбие бағыттарының негізі тамара да имандылықта. Барлық тәрбие бағытын ағашқа теңесек, ондағы ағаштың тамыры- имандылық деп негіздеуге болады.

«Жазу-сызуы, мәдениеті болмаған халық» деген жантақ пікірді, сонау Орхон-Енесей жазулары арқылы жоққа шығарған мұсылман халықының мәдениетінің тамыры тереңде екенін, тарихшы-этнограф, философ ғалымдар дәлелдеп берді. Осы өмір сүру жолдары, ережелері, адам бойындағы жақсы, жаман қасиеттер, адамдардың оқу, білімге, бір-біріне сенуі, бір-бірін сыйлауы, кішінің үлкенді сыйлауы, ата-ананы құрметтеуі, бір сөзбен айтқанда мұсылман адамның бойындағы ізгі қасиеттер және «иман жүзді» адамның бойында қандай қасиеттер болуға тиісті белгілерді көрсетіп берген еңбектер қатарында ғұламалардың қатарында, Құран кітабы, Хадистер де бар.

Құранда адамның бойында болуға тиісті ізгі қасиеттердің болуы, адамға қойылатын барлық талаптар жазылған. Адамдар қарым-қатынасы, бір-біріне деген сүйіспеншілік сипатталып, не жаман, не жақсы екендігі айқын баяндалады.

Ал, Хадистердің мазмұнына мән берсек олар өмір мектебінен, шындық өмірден алынған даналыққа толы. Бұл кітапта мұсылманшылыққа, имандылыққа, білімге, адамгершілікке, инабаттылыққа шақыратын ережелер жинақталған. Әсіресе, имандылыққа үлкен мән беріліп, адамзат баласын дұрысты бұрыстан ажыратып, қараңғылықтан құтқаратын, көркем мінез-құлыққа тәрбиелейтіні байқалады. Яғни, бұл еңбектерді адамды имандылыққа тәрбиелейтін құрал деп қабылдауға болады.

Көптеген ғылыми еңбектерді қарастыру барысында адамзаттың рухани сенімдері, адам пайда болғаннан бастап келе жатқаны айқындалған, алайда кейіннен ғылыми тұрғыдан негізделген.

Имандылыққа аса зор мән берген, халқымыз: «Әкені тыңдамаған дөрекі ұлдан без, суы ащы көлден без, безбүйрек, қаражүрек, имансыз, ақымақ туыстан без, көк долы әйелден без» (Ісләмжанұлы К.) деп насихаттаған. Қатты да, нақты айтылған бұл өсиеттің астарында үлкен философиялық мән бар. Өзінің туған әкесін тыңдамаған, сыйламаған, дөрекілік көрсеткен ұл, өзгені сыйлауы екіталай. Және ондай адамнан не нәрсе күтуге болары да белгісіз, міне, сондықтан да ондай адамдардан бойын аулақ ұстауға үгіттеген. Суы ащы көлді, азыққа, тамаққа пайдалана алмайсың, ал су адам өміріне ең қажетті зат екені бәрімізге мәлім. Оны азық ете алмасаң, мұндай көлден без,

деу әбден мүмкін. Ал туысың жаны ашымайтын, безбүйрек, опасыз, қаражүрек имансыз болса, ондай туыстың болғанынан, болмағаны дұрыс болар. Мінезі нашар, өзі долы, жарастырудың орнына, адамдар арасын араздастыратын әйелдің де туысқа, қоғамға пайдасынан гөрі зияны көп, сондықтан да көк долы әйелден без деп айтуы орынды (Әлқожаева Н.С.).

Адамды сұлу ететін, көркем ететін біріншіден оның мінезі. Бұл туралы Ғылымхалда былай дейді: «Адам баласы кішіпейіл болумен басқалардың сүйіспеншілігіне, байыпты болумен басқалардың құрметіне ие болады... Ұлылық тек қана көркем мінезбен (ахлақ) тығыз байланысты болады. Байсалды кісілер болса, ұдайы дәрежелерін және адамгершілік абыройын қорғайды» (Мехмет Соймен). Адам баласының тек қана бет-бейнесі сұлу болғандықтан, сұлу көрінбейді, ол мінезімен, қылығымен, жан-дүниесінің сұлулығымен әлдеқайда сұлу, әлдеқайда көркем көрінеді деген тұжырым жасай аламыз.

Өткен заманда халқымыздың көпшілік бөлігі, оның зиялы қауымы «Құдай», «Алла» дегенді әділеттілік, мейірімділік, қайырымдылық, шыншылдық, адамгершілік, қарапайымдылық, имандылық, жалпы ар-ұят деген мағынада түсінсе керек. Бірақ, бұл ұғымның барлығы діни емес, адамдық екенін жұрт ол кезде жете білмеген сияқты (жоғарыда айтылған барлық жақсы қасиеттер жиынтығын имандылық қасиеттер деп бір сөздің бойына топтастыруға болады). Бұл қасиеттердің Құранда, Хадисте айтылғандығынан, діни тәрбиеге енгізіп келдік. Сондықтан да аталмыш ұғым күнделікті өмірде дінмен астарлас орын алған.

Қорыта келе имандылық қасиет адам баласының бойында болуы тиісті, әрі құптайтын іс. Имандылық мәселесін қарастыра келе, оған жекелеген анықтама беруге болады. Алғашқы зерттеулерде берілген анықтама толықтырылып берілді.

Сонымен, «Имандылық – әр халықтың салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, күнделікті өмір сүру тәсілдерінде кездесетін жөн-жоралғыларына байланысты және ұрпақ бойында ұлттық құндылықтарды сіңіру, әр ұлттың жекелеген ерекшеліктеріне байланысты туындайтын ізгі қасиеттердің жиынтығы».

Жастардың бойында ізгі қасиеттерді сіңіру үшін имандылық тәрбиесін қолға алып, оның құралдарын дұрыс таңдағанымыз абзал.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңы //Қазақстан мұғалімі. -1998. -25 ақпан, -2 б.
2. Баширова Ж. Р., Әлқожаева Н. С. Иман – тәрбие негізі. -Алматы, 1996.- 56 б.
3. Әлқожаева Н. С. Білім беру парадигмалары контекстінде тұлғаның рухани дүниесін қалыптастыру. Монография. 2-ші басылым. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 208 бет.
4. Уотт М. Влияние Ислама на средневековую Европу, иное положение в мусульманском мире. // Шапағат-нұр. -11/2001. -36-37-б.
5. Иени бир бакыш ачысыйла илим ве дин И. Иылмаз т.б. -Стамбул, 1998, 1. том, 291-б;36-37, 291
6. Қазақстан Республикасының этникалық- мәдени білім тұжырымдамасы //Қазақстан мектебі. -1996. -№9. –6- б.
7. Ісләмжанұлы К. Рухани уыз. -Алматы: Ана-тілі, 1995. -142 б.
8. Мехмет Соймен Ғылымхал. -Стамбул: Ажар, 1991.-144 б.